

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**

**2024-2025 оқу жылына арналған**

**ТАНДАУ ПӘНДЕРІНІҢ МОДУЛІ**

**7M01902-Арнайы педагогика ББ бойынша**

**Ақтөбе, 2024**

## 7М01902-Арнайы педагогика

Түскен жылы: 2023 ж.

Цикл/ компонент	Пәннің коды	Пән атауы	Семестр	Кредит ҚР/ECTS	саны
<b>Кәсіптендіру пәндері</b>					
<b>Модуль 4.1 Білім беруді жаһандандыру жағдайындағы әдіснамалық тәсілдер</b>					
КП ЖК	ABBUOT GTN 6304	Арнайы білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері (қазақ тілінде)	3	5	
КП ТК	ABBPED 6305	Арнайы білім берудегі педагогикалық этика және деонтология (орыс тілінде)	3	5	
КП ТК	MShBTPP A 6306	Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің психологиялық - педагогикалық аспектілері (қазақ тілінде)	3	5	
КП ТК	MShBPKZ hB 6307	МШ балаларды психологиялық қолдауды жобалау бағдарламалары (қазақ тілінде)	3	5	
<b>Модуль 4.2 Арнайы педагогика мен психологиядағы әдіснамалық негіздері</b>					
КП ЖК	ABBUOT GTN 6304	Арнайы білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері (қазақ тілінде)	3	5	
КП ТК	GZMS 6305	Ғылыми зерттеулердегі математикалық статистика (орыс тілінде)	3	5	
КП ТК	PDTZT 6306	Психифизиологиялық диагностика мен түзетудің заманауи технологиялары (қазақ тілінде)	3	5	
КП ТК	PPN 6307	Психокоррекция және психотерапия негіздері (қазақ тілінде)	3	5	

**Модуль 4.1 Білім беруді жаһандандыру жағдайындағы әдіснамалық тәсілдер**

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Арнайы білім берудегі педагогикалық этика және деонтология (орыс тілінде)**Бағдарлама авторы:** Туребаева К.Ж., п.ғ.д.**Курсты оқытудың мақсаты:** Магистранттарға қазіргі таңда ҚР-дағы арнайы білім берудің ерешеліктерін, оқытушының этикасы мен деонтологиясы туралы түсінік беру, ғылыми және тәжірибелік білімді, жоғарғы мектеп мамандарын даярлау.**Пәннің қысқаша мазмұны:** Психологияның маңыздылығын және дамуында ауытқулары бар баланың ерекше сезімталдығын ескере отырып, мұғалімнің этикасы мен деонтологиясы, яғни түзету педагогикасы маманы негізгі (іргелі) мәнге ие. Әрине, бұл жалпы педагогиканың принциптеріне қайшы келмеуі керек, тек арнайы педагогиканың ерекшеліктерін көрсетуі керек. Мүмкіндігі шектелген балалармен түзету-оналту қызметі үшін мамандар даярлау үйлесімді дамыған, кәсіби құзыретті, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру негіздерін, деонтология негіздерін қамтуы тиіс. Педагогикалық парыз, педагогикалық қоғам, педагогикалық адамгершілік-

педагогикалық қызметтің моральдық-этикалық және моральдық көріністерінің нормаларын құрайды. Білім сапасы мен мәдениеті негізінен этика және деонтология принциптерімен анықталады.

**Пререквизиттері:** Жоғары мектептің педагогикасы, Білім берудегі мониторинг

**Постреквизиттері:** докторантура деңгейіндегі пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Арнайы білім саласында жаңа ортада, неғұрлым кең пәнаралық контексте мәселелерді шешу үшін өз білімін, түсінігін және қабілетін кәсіби деңгейде біледі және түсінеді;

В) Қоғамдық пікірлер, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды кәсіби қызметінде қолданады;

С) Ғылыми, әлеуметтік, этикалық тұжырымдар негізінде ой қорытындыларын қалыптастыру үшін ақпараттарды жинау және өңдеу жұмыстарын талдайды;

Д) әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асырып, мамандарға және маман емес тұлғаларға қажетті кәсіби құзыреттілік ақпаратын, идеяларды, мәселелерді, шешімдерді жинақтайды;

Е) Өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын, жоғары мектепте оқытудың заманауи технологияларын, психологияның арнайы саласындағы инновациялық жетістіктерді бағалайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің психологиялық -педагогикалық аспектілері (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Туретаева Г. И. п.ғ.к.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық аспектілері саласындағы өзекті мәселелерін анықтап, талқылауға жағдай туғызу және магистраттарды жоғары оқу орындары мен жалпы мектеп арасындағы байланысты жан-жақты зерттеуге баулу.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәннің бағдарламасы мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық заңдылықтарын зерттеу, оның ішінде, тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында психикалық әрекеттің ерекшеліктері мен психологиялық-педагогикалық шарттарына талдау жасау мәселелерін қарастырады.

**Пререквизиттері:** Жоғары мектеп педагогикасы (ағылшын тілінде)

Басқару психологиясы (орыс тілінде), Арнайы білім берудің заманауи жүйелері (қазақ тілінде)

**Постреквизиттері:** докторантура деңгейіндегі пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Жоғары мектепте оқытудың заманауи технологияларын және арнайы білім беру саласындағы инновациялық жетістіктерді, «Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің психологиялық - педагогикалық аспектілері» оқытуға арналған бағдарламаның мазмұны, бағдарлама материалдарының көлемі, бағдарлама мазмұнындағы қамтылған талаптар туралы ұғым беру, ҚР жоғары білім дамуының теориялық негіздерін біледі және түсінеді;

В) Қазақстан республикасының білім беруді жаңғырту: қазіргі жағдайы және даму перспективаларына теориялық талдау жасап, жаңартылған білім беру жүйесінің нәтижелерін қолданады;

С) Мемлекеттің индустралды-инновациялық саяси бағытын меңгере отырып, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне толықтай талдайды;

Д) ҚР құқық жүйесін, қоғамдағы әлеуметтік процестерді талдауды, мемлекеттің экономикалық және құқықтық ережелерін және олардың бір бірімен байланысын тұжырымдайды;

Е) Арнайы білім беру саласында кәсіби қызметке қажетті жағдайларды және жоғары мектеп оқытушысының кәсіби және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын бағалайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** МШ балаларды психологиялық қолдауды жобалау бағдарламалары (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Есенғұлова М.Н., п.ғ.к.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Арнайы білім беру қызметін жүзеге асырудың мазмұны, МШ балаларды психологиялық қолдауды жобалау бағдарламаларының ерекшелігі және кезеңдерін игерту, және басқару жүйесімен таныстыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Осы пән аясында магистранттар МШ тұлғалардың еркін қоғам өміріне тиімді қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету жөнінде; өздерінің тікелей тұратын жерлерінде МШ адамдардың білімге қол жеткізуі; оқыту процесін жеңілдететін жалпы білім беру жүйесінде жеке қолдаудың тиімді шараларын ұсыну; әлеуметтік дағдыларды игеру үшін жағдай жасау; педагогтарды даярлау мен қайта даярлауды қамтамасыз ету туралы білімдерді меңгереді.

**Пререквизиттері:** Ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балалармен абилитациялық жұмыс, Білім берудің формалары, түрлері, вариативті білім беру бағдарламаларын жобалау

**Постреквизиттері:** докторантура деңгейіндегі пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Арнайы білім берудің пәнаралық контекстінде проблемаларды шешу үшін өз білімдерін, түсініктерін және оларды кәсіби деңгейде қолдануды біледі, зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеу және қолдану, осы саланың алдыңғы қатарлы теорияларына негізделген білімі мен түсінігін көрсетеді;

В) Арнайы білім беру саласында өзіндік іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті дағдыларының болуы және болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру кезінде әлеуметтік құндылықтарды интеграциялау принциптері мен әдістерін қолданады;

С) Білім беру тәжірибесін жетілдіру үшін әріптестермен өзара әрекетте психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласындағы зерттеулерді жоспарлайды және жүргізеді;

Д) Оқу-тәрбие процесіне кәсіптік бірлестіктердің, ғылыми ұйымдардың өкілдерін, жұмыс берушілерді, шетелдік әріптестерді тартады;

Е) Техникалық, қаржылық және адами факторларды ескере отырып, өндірістік қатынастар негіздерін басқару қағидаларын тұжырымдайды.

## **Модуль 4.2 Арнайы педагогика мен психологиядағы әдіснамалық негіздер**

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Ғылыми зерттеулердегі математикалық статистика (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Туретаева Г.И., п.ғ.к.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Пәнді оқытудың мақсаты статистикалық әдістерді практикалық қолдануды меңгеру, магистранттардың негізгі математикалық-статистикалық ұғымдарды игеруінде, логикалық ойлауды қалыптастыру мен дамытуда; Арнайы педагогика саласындағы зерттеу мәселелерін шешудің негізгі әдістері мен технологияларын шығармашылық игеруде талабымен анықталады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәннің бағдарламасы мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық заңдылықтарын зерттеу, оның ішінде, тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында психикалық әрекеттің ерекшеліктері мен психологиялық-педагогикалық шарттарына талдау жасау мәселелерін қарастырады.

**Пререквизиттері:** ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау

**Постреквизиттері:** докторантура деңгейіндегі пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Ғылыми, әлеуметтік, этикалық тұжырымдар негізінде ой қорытындыларын қалыптастыру үшін ақпараттарды жинау және өңдеу жұмыстарын және арнайы педагогика саласындағы зерттеу есептерін шешуге қажетті математикалық статистиканың негізгі ұғымдары мен негіздерін біледі, түсінеді;

В) Арнайы педагогикалық есептерді шешу үшін математикалық статистиканың, теориялық және эксперименттік зерттеулердің стандартты әдістері мен модельдерін және арнайы білім беру саласындағы өзекті идеялар, проблемалар, шешімдер мен ақпараттарды кәсіби құзыреттілік деңгейінде қолданады;

С) педагогикалық зерттеу барысында туындайтын мәселелерді шешу үшін заманауи математикалық құралдарды қолдана отырып талдайды;

Д) Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары туралы білімдерін жинақтайды;

Е) Қазақстан республикасының білім беруді жаңғырту: қазіргі жағдайы және даму перспективаларына теориялық талдау жасау және жаңартылған білім беру жүйесінің нәтижелерін тұжырымдайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Психифизиологиялық диагностика мен түзетудің заманауи технологиялары (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Туребаева К.Ж., п.ғ.д.

**Курсты оқытудың мақсаты:** білім алушыларды ми қызметін зерттеудің заманауи инвазивті емес әдістерімен, олардың бұзылыстарын түзету технологияларымен таныстыру болып табылады

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқу нәтижесінде адамның жасерекшелік анатомиясы мен физиологиясы, нейрофизиология, жоғары жүйке жүйесі, балалар невропатологиясы, психофизиология негіздері туралы білім мазмұны толықтырылады. Білім алушылар ми функцияларының бұзылуын диагностикалаудың заманауи әдістерін қолдану дағдыларын, анықталған бұзушылықтарды түзетудің тиімді технологияларын меңгереді.

**Пререквизиттері:** арнайы білім берудің заманауи жүйелері арнайы білім берудегі педагогикалық технологиялар ;

**Постреквизиттері:** докторантура деңгейіндегі пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Арнайы білім беру саласындағы өзекті идеялар, проблемалар, шешімдер мен ақпараттарды кәсіби құзыреттілік деңгейінде біледі және түсінеді;

В) Арнайы білім беру саласында өзіндік іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті дағдыларды қолданады;

С) Психикалық кемістікті қайталама бұзылыс ретінде диагностикалау туралы пайымдаулар жасау, идеяларды бағалау және қорытындылар жасайды;

Д) Күрделі кемістігі бар балаларды қарым-қатынас, тәрбиелеу, оқыту және түзету саласындағы дағдыларды жинақтайды;

Е) Білім беру саласындағы диагностикаға сәйкес түзету жұмыстарын құру, сонымен қатар есту және көру қабілетінің бұзылуының салдарын болдырмау мүмкіндігін тұжырымдайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Психокоррекция және психотерапия негіздері (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Туребаева К.Ж., п.ғ.д.

**Курсты оқытудың мақсаты:** арнайы психологияның негізгі ұғымдарымен, психокоррекция және психотерапия негіздерімен таныстыру

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пән бағдарламасы психотерапия мен психокоррекцияның негізгі ережелерін қарастырады. «Психотерапия және психокоррекция негіздері» пәні психокоррекция мен психотерапияның негізгі бағыттары, әдістері, техникалары туралы түсінік қалыптастыруға, психокоррекция және психотерапия саласындағы шетелдік және отандық тәжірибенің негіздерін, сондай-ақ психокоррекциялық және психотерапиялық іс-шаралардағы психологтың рөлі мен мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік береді. Психологиялық коррекция және психотерапия баланың әлеуетті мүмкіншілігін ынталандыру мен дамытуға бағытталған әдістер жиынтығы. Тәжірибелі психолог маман психодиагностикалық өңдеу көрсеткішінен алынған нәтижені негізге ала отырып, жеке бас дамуын қалыптастыруға коррекциялық жаттығуларын қолданады. Психолог маман жұмысының тиімділігін талдау, балалармен нақты өзара әрекетті ұйымдастыру және оны жүзеге асыру болып табылады.

**Пререквизиттері:** Ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балалармен абилитациялық жұмыс, МШ балаларды психологиялық қолдауды жобалау бағдарламалары

**Постреквизиттері:** докторантура деңгейіндегі пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Оқыту үдерісінде академиялық және кәсіби деңгейде қолданылатын тілдік білімдерді және білім алу үшін оқуды одан әрі өз бетінше жалғастыруға қажетті оқу дағдыларын біледі, түсінеді;

В) Арнайы білім беру саласында кәсіби қызметте қажетті дайындық деңгейлері мен салауатты өмір салтын ұстану қабілеттерін көрсете алады және педагогикадағы, арнайы саладағы ғылыми зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздерін қолданады;

С) Білім беру тәжірибесін жетілдіру үшін әріптестермен өзара әрекетте психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласындағы зерттеулерді жоспарлайды және жүргізеді;

Д) Оқу-тәрбие процесіне кәсіптік бірлестіктердің, ғылыми ұйымдардың өкілдерін, жұмыс берушілерді, шетелдік әріптестерді тартады;

Е) Қоғамдық пікірге, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды өзінің кәсіби қызметіне бағдарлайды.

## 7М01902-Арнайы педагогика

Түскен жылы: 2024 ж.

Цикл/ компонент	Пәннің коды	Пән атауы	Семестр	Кредит ҚР/ECTS саны
<b>Базалық пәндер</b>				
<b>Модуль 1. Жалпы теориялық пәндер</b>				
БП ЖК	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы (қазақ тілінде)	1	3
БП ЖК	ShT 5202	Шетел тілі (кәсіби) (ағылшын тілінде)	1	3
БП ЖК	ZhMP 5203	Жоғары мектеп педагогикасы (ағылшын тілінде)	1	3
БП ЖК	BP 5204	Басқару психологиясы (орыс тілінде)	1	3
БП ЖК	GZUZh 5205	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау (ағылшын тілінде)	1	3
<b>Модуль 2.1 Арнайы білім берудегі заманауи жүйелер және мониторинг</b>				
КП ЖК	ABBZZh 5301	Арнайы білім берудің заманауи жүйелері (қазақ тілінде)	1	5
БП ТК	BVM 5206	Білім берудегі мониторинг (ағылшын тілінде)	1	5
	MGZZh	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	1	5
<b>Модуль 2.2 Арнайы білім берудегі әдіснамалық жұмыс және медициналық-әлеуметтік жетелеу</b>				
КП ЖК	IBBGAN 5301	Арнайы білім берудің заманауи жүйелері (қазақ тілінде)	1	5
БП ТК	EBBKBBM AZh 5206	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды медициналық-әлеуметтік жетелеу	1	5
	MGZZh	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	1	5
<b>Модуль 3.1 Арнайы білім беру үдерісін ұйымдастыру және нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету</b>				
КП ЖК	ZhOPOA 5302	ЖОО-да пәндерді оқыту әдістемесі (қазақ тілінде)	2	5
КП ТК	EBBKBBB ZhVZhA 5303	ЕББҚ бар балаларды дамытудың жеке бағдарламаларын жобалау және әзірлеу (ағылшын тілінде)	2	4
БП ТК	ABBNKKE 5207	Арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі (қазақ тілінде)	2	5
БП ТК	IBBGAN 5208	Инклюзивті білім берудің ғылыми-әдіснамалық негіздері (орыс тілінде)	2	5
	MGZZh	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	2	11
<b>Модуль 3.2 Арнайы білім беру қызметін жоспарлау және педагогикалық технологиялар</b>				

КП ЖК	ZhOPOA 5302	ЖОО-да пәндерді оқыту әдістемесі (қазақ тілінде)	2	5
КП ТК	ABBPТ 5303	Арнайы білім берудегі педагогикалық технологиялар (ағылшын тілінде)	2	4
БП ТК	EZhMShB AZh 5207	Ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балалармен абилитациялық жұмыс (қазақ тілінде)	2	5
БП ТК	IOZhEBBK BTDZhZhU 5208	Инклюзивті оқыту жағдайында ЕББҚ бар балалармен түзетеді дамыту жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру (орыс тілінде)	2	5
	MGZZh	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	2	11

### **Модуль 2.1 Арнайы білім берудегі заманауи жүйелер және мониторинг**

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Білім берудегі мониторинг (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Туретаева Г.И., п.ф.к.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Explain the importance and content of monitoring in educational institutions. Master the skills of designing and building a monitoring program.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** In the course of studying the discipline, the theoretical foundations of quality management of education in special educational organizations, as well as the basics of quality management of education in a correctional educational institution, the essence of monitoring as a tool for managing an educational institution, approaches to the formation of tools for assessing the quality of education in a correctional educational institution, modeling as a basis for quality management of education in a correctional educational institution.

**Пререквизиттері:** бакалавриат деңгейінде оқытылатын пәндер

**Постреквизиттері:** Арнайы білім берудегі педагогикалық этика және деонтология, Арнайы білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

A) Зерттеу контекстінде арнайы білім беру саласының алдыңғы қатарлы теорияларына негізделген білімдері мен түсініктерін көрсетеді, идеяларын ұсынады, зерттейді және қолдананады.

Possess the necessary reading skills for further independent continuation of training for the purpose of obtaining knowledge;

B) Ғылыми, әлеуметтік, этикалық тұжырымдар негізінде ой қорытындыларын қалыптастыру үшін ақпараттарды жинау және өңдеу жұмыстарын жүзеге асырады.

Knowledge of the theoretical and methodological foundations of scientific research in pedagogy and in a special field;

C) Planning and conducting research in the field of psychological and Pedagogical Sciences in cooperation with colleagues to improve the educational experience;

D) Involvement of representatives of educational organizations of the Republic of Kazakhstan in the educational process; participation of professional associations, scientific organizations, employers, foreign partners;

E) Knowledge of social and ethical values based on public opinion, traditions, customs and social norms and orientation to them in their professional activities;

### **Модуль 2.2 Арнайы білім берудегі әдіснамалық жұмыс және медициналық-әлеуметтік жетелеу**

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды медициналық-әлеуметтік жетелеу (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Туретаева Г.И., п.ф.к.



**Курсты оқытудың мақсаты:** Ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларды медициналық-әлеуметтік, педагогикалық жетелеу жұмысының бағыттары және әдіс-тәсілдер жүйесімен таныстыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Магистранттар пәнді оқу барысында білім беру, тәрбиелеу және әлеуметтік бейімделудің әртүрлі бейіндегі медициналық-әлеуметтік жетелеу орталықтары жұмысының негізгі қағидалары туралы білімдерді меңгереді. Психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік жетелеу; әлеуметтік еңбекке бейімдеу және кәсіптік бағдар беру; ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар ата-аналарына диагностикалық-консультациялық және әдістемелік көмек көрсету, ақпараттық және құқықтық қолдау болып табылатын әлеуметтік көмек мәселелері қарастырылады.

**Пререквизиттері:** бакалавриат деңгейінде оқытылатын пәндер

**Постреквизиттері:** МШ балаларды психологиялық қолдауды жобалау бағдарламалары, Ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балалармен абилитациялық жұмыс

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Білім алу үшін оқуды одан әрі өз бетінше жалғастыруға қажетті оқу дағдысы болуы керектігін және ғылыми, әлеуметтік, этикалық тұжырымдар негізінде ой қорытындыларын қалыптастыру үшін ақпараттарды жинау және өңдеу жұмыстарын біледі, түсінеді;

В) Арнайы білім беру саласында кәсіби қызметте қажетті дайындық деңгейлері мен салауатты өмір салтын ұстану қабілеттерін көрсете алады және педагогикадағы, арнайы саладағы ғылыми зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздерін қолданады;

С) Білім беру тәжірибесін жетілдіру үшін әріптестермен өзара әрекетте психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласындағы зерттеулерді жоспарлайды және талдайды;

Д) Оқу-тәрбие процесіне кәсіптік бірлестіктердің, ғылыми ұйымдардың өкілдерін, жұмыс берушілерді, шетелдік әріптестерді тартады;

Е) Қоғамдық пікірге, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды өзінің кәсіби қызметіне бағдарлайды.

**Модуль 3.1 Арнайы білім беру үдерісін ұйымдастыру және нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету**

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** ЕББҚ бар балаларды дамытудың жеке бағдарламаларын жобалау және әзірлеу (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Каримова А.Т., м.ғ.к.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қазіргі тұжырымдамалары мен әдістерімен таныстыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Білім берудің формалары, түрлері, вариативті білім беру бағдарламаларын жобалау дағдыларын меңгерту.

Пәнді оқыту барысында магистранттар білім беру үдерісі тәжірибесіне енгізілетін вариативті оқу-әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік жабдықтар және білім алушыларға арналған арнайы бағдарламаларды әзірлеу және тәжірибеге енгізу жолдарын меңгереді. Пәнді игеру ғылыми білімдер негізінде қалыптастырылады.

**Пререквизиттері:** бакалавриат деңгейінде оқытылатын пәндер

**Постреквизиттері:** Арнайы білім берудің заманауи жүйелері, Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды медициналық-әлеуметтік жетелеу

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Ғылыми, әлеуметтік, этикалық тұжырымдар негізінде ой қорытындыларын қалыптастыру үшін ақпараттарды жинау және өңдеу жұмыстарын біледі, түсінеді;

В) Арнайы білім беру саласында кәсіби қызметте қажетті дайындық деңгейлері мен салауатты өмір салтын ұстану қабілеттерін көрсете алады және болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру кезінде әлеуметтік құндылықтарды интеграциялау принциптері мен әдістерін қолданады;

С) Білім беру тәжірибесін жетілдіру үшін әріптестермен өзара әрекетте психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласындағы зерттеулерді жоспарлайды және жүргізеді;

Д) Оқу-тәрбие процесіне кәсіптік бірлестіктердің, ғылыми ұйымдардың өкілдерін, жұмыс берушілерді, шетелдік әріптестерді тартады;

Е) Техникалық, қаржылық және адами факторларды ескере отырып, өндірістік қатынастар негіздерін басқару қағидаларын бағалайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Каримова А.Т., м.ғ.к.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуінің теориялық және практикалық білімдермен қаруландыру

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқу білім алушыларға балалардың білім алу құқығын жүзеге асырудың құқықтық және педагогикалық механизмдерін, құқықтық мәртебесін ашатын білімді меңгеруге мүмкіндік береді; білім беру саласындағы халықаралық нормативтік-құқықтық құжаттардың, аймақтық заңнамалық актілердің мәнін ашуға мүмкіндік береді. Пән курсы құқықтық стандарттың халықаралық құжаттар пакетінің нақты мазмұнымен танысуға, білім беру саласындағы халықаралық, аймақтық құжаттарды талдау және интерпретациялауға бағытталған.

**Пререквизиттері:** Арнайы білім берудің заманауи жүйелері;

**Постреквизиттері:** Арнайы білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері ; докторантура деңгейіндегі пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Қоғамдық пікірлер, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды біледі және түсінеді;

В) Арнайы білім берудің пәнаралық контекстінде проблемаларды шешу үшін өз білімдерін, түсініктерін және оларды кәсіби деңгейде қолдану қабілеттіліктерін көрсетеді және кәсіби қызметінде қолданады;

С) Әлеуметтік және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, қажетті ақпараттарды жинап талдайды;

Д) Әртүрлі білім беру сатыларында білім беру процесін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістері мен технологияларын, зерделенетін саладағы пайымдауларды жинақтайды;

Е) өзін-өзі тәрбиелеу мен дамытуға қабілетті және болашақ маманның оқу-әдістемелік іс-әрекетті нысандарының алуан түрлілігін бағалайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Инклюзивті білім берудің ғылыми-әдіснамалық негіздері (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Туребаева К.Ж., п.ғ.д.

**Курсты оқытудың мақсаты:** ғылыми-тәжірибелік білімі бар магистранттарды, Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін, білім берудегі инновацияларды сипаттай отырып, жоғары білімді мамандарды дайындау.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Инклюзивті білім беру – қоғамды ізгілендірудің қажетті шарты. Инклюзивті білім беру барлық балалар әртүрлі оқу қажеттіліктері бар жеке тұлға екенін мойындайтын әдістемені әзірлеуге ұмтылады. Инклюзивті білім беру – қоғамды ізгілендірудің қажетті шарты. Инклюзивті білім беру барлық балалар әртүрлі оқу қажеттіліктері бар жеке тұлға екенін мойындайтын әдістемені әзірлеуге ұмтылады. Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік білім беру бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып табылады.

**Пререквизиттері:** Арнайы білім берудің заманауи жүйелері, Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды медициналық-әлеуметтік жетелеу/

**Постреквизиттері:** МШ балаларды психологиялық қолдауды жобалау бағдарламалары докторантура деңгейіндегі пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Зерттеу контекстінде арнайы білім беру саласының алдыңғы қатарлы теорияларына негізделген білімдер мен түсініктерді, идеяларды және жоғары мектеп мұғалімінің кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін дамытуды, мектепте инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға ерекше жағдай жасау жолдарын біледі, түсінеді;

В) Үздіксіз білім беру кезеңдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға, мүгедек балаларға жеке қолдау көрсету жолдарын және олардың білім беру мекемесінде қосымша білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету, мектеп пен қала жұртшылығының мүмкіндігі шектеулі және мүгедек балаларға деген толерантты көзқарасын қалыптастыру;

С) Қазақстан Республикасындағы білім беруді жаңғырту: жаңартылған білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы мен даму болашағын теориялық талдайды;

Д) Арнайы білім берудің пәнаралық контекстінде проблемаларды шешу үшін өз білімдерін, түсініктерін және оларды кәсіби деңгейде қолдану қабілеттіліктерін жинақтайды;

Е) Мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедектерге көмек көрсетуді үйлестіру үшін қоғамдық ұйымдармен, әлеуметтік қорғау және медициналық ұйымдармен әлеуметтік серіктестікті дамытып, тұжырымдайды.

### **Модуль 3.2 Арнайы білім беру қызметін жоспарлау және педагогикалық технологиялар Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)**

**Пәннің атауы:** Арнайы білім берудегі педагогикалық технологиялар (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Туребаева К.Ж., п.ғ.д.

**Курсты оқытудың мақсаты:** қазіргі педагогикалық технологиялардың психологиялық-педагогикалық негіздері туралы түсініктерді қалыптастыру; магистратураның бейініне сәйкес кәсіби қызметте әртүрлі интеллектуалдық және практикалық мәселелерді шешуде оларды пайдалану ерекшеліктері туралы, сонымен қатар оларда оқытылатын пән құралдары арқылы кәсіби және тұлғалық дамуға деген көзқарасты қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық жобалар, білім алудың қолжетімділігін жоғарылату әдісі ретінде қашықтан оқыту мүмкіндігі бар жобалар бағыттары; интернет-портал негізінде қосымша білім беруді жүйелі дамытудың барлық салаларында ақпараттар беру; кіріктірілген ақпараттық жүйелерді дамыту; жобалық-зерттеу қызметтерінің, жаңа технологиялардың, жеке бағытталған тәсілдер технологияларын меңгеру мазмұндары игеріледі.

**Пререквизиттері:** арнайы білім берудің заманауи жүйелері; ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды медициналық-әлеуметтік жетелеу

**Постреквизиттері:** арнайы білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері;

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Арнайы білім беру саласында өзіндік іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті дағдыларының болу керектігін біледі және түсінеді;

В) Жоғары мектепте оқытудың заманауи технологияларын және арнайы білім беру саласындағы инновациялық жетістіктерді қолданады;

С) Балалардың жас ерекшеліктеріне және олардың даму деңгейіне сәйкес жұмыстың мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін, дидактикалық материалды таңдауды және пайдалану бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды; сөйлеуді дамыту бойынша жұмыстарды жобалауды, мүмкіндігі шектеулі балалармен сабақтарға, ойындарға, сценарийлерге және т.б. даму бағдарламаларына сараптама жүргізуді; мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту саласында эксперименттік жұмыстарды жүргізуді қорытындылайды;

Д) Мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту бойынша арнайы білім беру ұйымдарының педагогтарының жұмысына әдістемелік басшылық жасап; балалардың сөйлеуін дамыту жұмыстарын әдістемелік құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету; балалардың сөйлеу тілін дамыту саласындағы тәрбиешілердің біліктілігін арттыру, оларға инновациялық педагогикалық технологияларды игеруге, балалардың сөйлеу тілін дамытудың озық тәжірибесін жалпылау және таратуды ұйымдастырады;

Е) Балалармен, ата-аналармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасау; оқушылармен эмоционалды байланыс орнату; балалармен ынтымақтастық атмосферасын құру; мұғалімдердің, қызмет көрсетуші персоналдың және ата-аналардың сөйлеу мәдениетін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру; мектепке дейінгі мекемелер мен білім беру органдарының практикасында теориялық білімді бағалайды.

**Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)**

**Пәннің атауы:** Ерте жастағы мүмкіндігі шектеулі балалармен абилитациялық жұмыс (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Туребаева К.Ж., п.ғ.д.

**Курсты оқытудың мақсаты:** мамандардың біліктілігін арттыру және олардың кәсіптік қызмет үшін қажетті жаңа білімдерді, дағдыларды және дағдыларды меңгеруі

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқыту барысында денсаулығында ақаулығы бар балалармен өмірінің алғашқы жылында жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмыстар, ерте жастағы балалармен кешенді абилитациялық жұмыс кезеңдері, мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте жастан қолдау қажеттілігі мәселелері оқытылады.

**Пререквизиттері:** арнайы білім берудің заманауи жүйелері; Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды медициналық-әлеуметтік жетелеу

**Постреквизиттері:** психифизиологиялық диагностика мен түзетудің заманауи технологиялары; психокоррекция және психотерапия негіздері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- A) Арнайы білім беру саласындағы өзекті идеялар, проблемалар, шешімдер мен ақпараттарды кәсіби құзыреттілік деңгейінде біледі және түсінеді;
- B) Арнайы білім беру саласында кәсіби қызметке қажетті жағдайларды жүзеге асыра алады;
- C) Қабілеттілік; сенсорлық, сөйлеу және интеллектуалдық дамуында ауытқуы бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрастырады;
- D) Жеке тұлғаның кәсіби қасиеттерін, біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес кәсіптік дағдылар мен дағдыларды дамыту саласындағы қабілеттерді қорытындылайды;
- E) Мүмкіндігі шектеулі балаларға оңалту педагогикасын қолдана отырып әсер ету дағдыларын және әлеуметтік педагог жұмысын бағалайды.

**Дублин дескрипторлары** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Инклюзивті оқыту жағдайында ЕББҚ бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Туребаева К.Ж., п.ғ.д..

**Курсты оқытудың мақсаты:** психологиялық-педагогикалық негіздері туралы білімді қалыптастыру, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзету-дамыту жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқу барысында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға инклюзивті оқыту жағдайында әлеуметтік-психологиялық жағымды орта қалыптастыру мен психикалық әл-ауқаттың нақты мәселелерін шешуге бағытталған түзете-дамыта оқыту жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылады. Психологиялық-педагогикалық диагностика нәтижелерінің негізінде білім алушылар инклюзивті оқытуға қажетті жағдайларды, пайдаланылатын құралдарды, нысандар мен әдістерді талдап, баланың жалпы және жақын даму аймағын ескере отырып, жеке түзету бағдарламаларын әзірлейді. Дамуында күрделі бұзылыстары бар балаларға түзетушілік білім берудің әртүрлі концепциялары туралы ілімнің презентациясы, академиялық үлгермеушіліктің әртүрлі себептерін түзету әдістері. Магистранттарға проблемалық баланың ерекшеліктерін түсінуге, дамуында күрделі бұзылыстары бар балаларды кешенді зерттеуге және түзету-педагогикалық ықпал етуді ұйымдастырудың жүйелі тәсілдеріне байланысты түзету білім беру мәселелері бойынша қажетті теориялық дайындықты қамтамасыз ету.

**Пререквизиттері:** Арнайы білім берудің заманауи жүйелері

**Постреквизиттері:** Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің психологиялық -педагогикалық аспектілері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- A) Арнайы білім беру саласында өзіндік іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті дағдыларының болуы керектігін біледі, түсінеді;
- B) Зерттеу контекстінде арнайы білім беру саласының алдыңғы қатарлы теорияларына негізделген білімдер мен түсініктерді, идеяларды қолданады;
- C) Психикалық кемістікті қайталама бұзылыс ретінде диагностикалау туралы пайымдаулар жасау, идеяларды бағалау және қорытындылар жасайды;
- D) ЕББҚ бар балаларды қарым-қатынас, тәрбиелеу, оқыту және түзету саласындағы дағдылармен қаруландырады;
- E) Білім беру саласындағы диагностикаға сәйкес түзету жұмыстарын құру, сонымен қатар есту және көру қабілетінің бұзылуының салдарын болдырмау мүмкіндігін болжайды.